


Түркістан облысының білім басқармасының
Созақ ауданының білім бөлімінің
«Марал» бөбекжай бақшасы

Қош келдің, Әз Наурыз!



«Құлыншақ» орта тобы

Тәрбиеші: Н. Нурмаханова

2024 жыл



«Қош келдің, Әз Наурыз!»

«Құлыншақ» орта тобы

Тәрбиеші: Н.Нурмаханова

2024жыл

Ортаңғы топ

Жүргізуші: құрметті ата-аналар, мерекеге шақырылған қонақтар!
Хош келіпсіздер! Бүгін ұлыстың ұлы күні-Наурыз құтты болсын!
Армысыңдар,халайық!
Бармысыңдар,балалық!
Келді наурыз сағынтып,
Қыздарға алқа тағынтып.
Наурызкелсе, құт келеді халайық
Есік ашып,шашу шашып.қол соғып,
Ұлысты қарсы алайық.
Наурыз бала кіреді: Жайнатамын бар гүлді,
Сайратамын бұлбұлды.
Төгілтіп ән-күй жырды,
Мейрамдайық бұл күнді.
Тіршіліктің бастауы
Наурыз айы-мен болам!

Күн мен түн шығады.

Күн:Күн сәулесі мол күнмін.

Түн:Жұлдызы мол түнмін.

Күн мен түн:Ұзақтығы бірдей болып,
Теңелеміз бұл күні.

Жүргізуші: Ал балалар, жарыса билеп, ән салып,ойын ойнап,тақпақ айтып,
өнерімізді ортаға салайық.

Нұргиса

Жылдың басы Наурыз,
Жердің басы Наурыз.
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр- әніміз.

Медина

Көктем келді, балақай,
Жасарды жер, алақай.
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

Айсұлтан

Кел балалар ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық
Баянды боп мереке
Қыр гүліндей жайнайық

Ақбаян

Ұлыс оң болсын. Ақ мол болсын!
Қайда барсаң, жол болсын
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,
Бәле – жала жерге енсін

Нұриман

Бата беріп атамыз,
Бата беріп әжеміз
Тәтті болып жасаған
Көжеден дәм татамыз

Наркенже

Ырысын шашқан Наурыз.
Күлімдеген көктемге,
Шуағын шашқан наурыз.
Жеті түрлі дән салып,
Дәм татқызған наурыз.
Жақсылық тілеп халыққа,
Молшылық әкелсін наурыз.

Ақжарқын

Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтың
Наурыз тойы бастайық!

Айғаным

Сәнді көктем - Наурыз!
Наурыз тойы - жырымыз.
Көңіл гүлдей жайнасын.
Құлпырсын күн мен ай.
Құтты болсын Наурыз!

Мухаммеджан

Қош келіпсің Наурыз!
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың!

Айкөркем

Би биледік бәріміз!
Елдің көңілін шалқытқан.
Бас иеміз - Наурыз!
Сені тойлап қарсы алып,

Сахназар

Бар әлемге жар салып,
Сәлем бердік, біз сізге!

Қахназар

Наурыз тойым, Наурыз тойым.
Құтты болсың халайық!
Қане, достар, қане, достар,
Шырқап әнге салайық.

Әмина

Осыншама жақсылық
Алып келген Наурызым
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақ жүзің!

Медина

Наурыз шаттық әніміз
Салтанатты сәніміз
Ән саламыз бәріміз
Би билейміз бәріміз

Асу

Наурыз айы - гүл айы
Наурыз айы - нұр айы
Наурыз айда халқымның
Құлпыра түсер шырайы

Аят

Уа, халайық, халайық!
Әсем әнге салайық
Наурыз тойын көңілді
Бірге қарсы алайық

Ән «Наурыз келді алақай»

Әже (кіреді) Сәлеметсіңдер ме, құлындарым, кішкентай ботақандарым.
Наурыз тойларың құтты болсын!

Балалар: Сәлеметсіз бе әже.!

Әже : Бәрекелді ботақандарым!

Ұлыс күні кәрі жас

Құшақтасып көріскен.

Жаңа ағытқан қозыдай,

Жамырасып көріскен.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыз әже. Келіңіз төрге шығыңыз, жақсы келдіңіз, немерелеріңіздің өнерін тамашалаңыз.

Балалар әженің қасына жайғасып отырады.

Жүргізуші: Қызғалдақтай құлпырып

Қыздарымыз жайнасын - деген тілекпен қыздардың биін тамашалайық.

Би : «Текемет»

Жүргізуші: Осындай мерекені ойын мен қыздырайық.

Ойын : «Тартыс»

Жүргізуші: Салтымызды сақтап, тұсау кесу салтын жасайық. Сәбидің тұсауын жүйрік болсын деп Әжеге кестірейік. Тұсауы кесілген соң, сәбиді екі адам ортаға алып шығып, қадам бастырады.

Қаз, қаз балам, қаз балам,

Қадам бассан мәз болам

Қаз, қаз балам қаз балам,

Тақымынды жаз балам

Күрмеуінді шешейін

Тұсауыңды кесейін.

Қадамыңа қарайық,

Басқаныңды санайық.

Жүргізуші: - Батаменен ел көгерер

Жамбырмен жер көгерер-деген ақ бата беріңіз.

Әже : Рахмет, балаларым!

Ұлыстың ұлы күні оң болсын!

Ақ мол болсын,

Қайда барсаң жолың болсын

Дастарханың кең болсын!

Уайым, қайғың жоқ болсын! - Әумин!

Жүргізуші: Жылдың басы наурыз

Жырдың басы наурыз

Әннің аты наурыз

Ән «Наурыз»

Жүргізуші: Көктемім төкті нұрды
Көңілдің кетті мұңы.
Кел, балалар, билейік,
Ұлыстың ұлы күні.

Би: «Батырлар»

Музыка сұемелдеуімен залға әже кіреді.

Әже: Айналайын балалар,

Жеті түрлі дәм салып,
Наурыз көже пісірдім.
Көжеге жас-кәріңді,
Шақырамын бәріңді.

Жүргізуші: Келер Наурызға да төрт көз түгел, уайым қайғысыз, тоқшылықпен жетейік - деген игі тілекпен мерекелік бағдарламаны аяқтаймыз.

Жүргізуші: Келер Наурызға да төрт көз түгел, уайым қайғысыз, тоқшылықпен жетейік - деген игі тілекпен мерекелік бағдарламаны аяқтаймыз.

